



"Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациядан өткізу туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 8 шілдедегі № 1612 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 390 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 61 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 19.12.2022 № 61 Жарлығымен.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациядан өткізу туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 8 шілдедегі № 1612 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., № 29, 363-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу туралы үлгі ережесі осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық алғашқы реңми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2016 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 390 Жарлығына
ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2005 жылғы 8 шілдедегі
№ 1612 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының
қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу туралы**

ҮЛГІ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Үлгі ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының, құқық қорғау органдары білім беру үйымдарының және құқық қорғау органдары мемлекеттік мекемелерінің қызметкерлерін (бұдан әрі – қызметкерлер) аттестаттаудан өткізудің үйымдастырылуын айқындайды.

2. Қызметкерлерді аттестаттау (бұдан әрі – аттестаттау) – олардың кәсіптік даярлығы деңгейін, құқықтық мәдениетін және азаматтармен жұмыс істеу қабілетін айқындау жөнінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын рәсім.

3. Қызметкерлер құқық қорғау органдары жүйесінде үздіксіз қызметте болған әрбір үш жыл сайын аттестаттаудан өтеді. Бұл ретте аттестаттау көрсетілген мерзім басталған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей өткізілуге тиіс.

Егер аттестатталуға тиіс қызметкерлер жаңа лауазымдарға тағайындалса, олар тағайындалғаннан кейін бір жылдан соң аттестаттаудан өтеді. Тең дәрежелі лауазымға тағайындалған кезде, егер ол функционалдық міндеттерінің өзгеруіне әкеп соқпаса, бұл мерзім есепке алынбайды.

Аттестаттау кезінде қызметкердің құқық қорғау органдары жүйесіндегі қызметтен босатылған күн мен оның құқық қорғау органдары жүйесіне қызметке қабылданған күнге дейін үш айдан артық уақыт өтпесе, онда көрсетілген кезеңде өзге занды (мемлекеттік органдарды қоспағанда) және жеке тұлғалармен еңбек қатынасы болмаған жағдайда, құқық қорғау органдары жүйесінде қызметте болған уақыты үздіксіз қызмет деп есептеледі.

4. Құқық қорғау органының басшысы және оның орынбасарлары, сондай-ақ құқық қорғау органдарында кемінде жиырма жыл қызмет өтілі бар қызметкерлер аттестаттауға жатпайды.

Қызметкерлер қатарындағы әйелдер жүктілігі және баланы күту үшін берілген демалыс мерзімінде аттестатталынбайды. Олар қызметке шыққаннан соң, кемінде алты айдан кейін және бір жылдан кешіктірілмей аттестатталынады.

5. Мемлекеттік қызметшілерді даярлау бойынша мемлекеттік тапсырыстың шенберінде білім беру үйымдарында оқып жатқан қызметкерлер оқу аяқталғаннан кейін, бірақ құқық қорғау органдарының жүйесіндегі лауазымға тағайындалғаннан соң кемінде бір жыл мерзімнен кейін аттестаттаудан өтеді.

Мемлекеттік органдарға іссапарға жіберілген қызметтердің аттестатталуы тиісті мемлекеттік органдардың жұмыскерлері үшін белгіленген тәртіpte жүргізіледі, ал халықаралық үйымдарға іссапарға жіберілген қызметкерлер халықаралық үйымдардан қайтып келгеннен кейін, бірақ құқық қорғау органдарының жүйесіндегі лауазымға тағайындалғаннан соң кемінде бір жыл емес мерзімнен кейін аттестаттаудан өтеді.

6. Аттестаттау бірқатар дәйекті кезеңдерді:

1) аттестаттау өткізуге дайындықты;

2) кәсіптік жарамдылығын айқындау бойынша белгіленген нормативтерді тапсыруды;

3) аттестаттауға жатқызылған қызметкердің Қазақстан Республикасы заңнамасын білуін және логикалық ойлау қабілетін компьютерлік тесттен өткізуді;

4) полиграфологиялық зерттеуден өткізу;

5) қызметкермен аттестаттау комиссиясы өткізетін әңгімелесуді;

6) аттестаттау комиссиясының шешім шығаруын қамтиды.

2. Аттестаттау өткізуге дайындықты ұйымдастыру

7. Аттестаттаудың өткізу мерзімі басталғанда құқық қорғау органды, құқық қорғау органының білім беру үйімін және құқық қорғау органының мемлекеттік мекемесі басшысының немесе үекілетті басшының тапсырмасы бойынша тиісті кадр қызметтері аттестаттау өткізуге дайындықты ұйымдастырады.

Дайындық:

1) аттестаттау өткізудің кестесін және аттестатталуға тиіс қызметкерлердің тізімін әзірлеуді;

2) аттестаттау өткізудің мақсаты мен тәртібі туралы түсіндіру жұмысын ұйымдастыруды;

3) тесттен өткізу мерзімдерін және орнын айқындауды;

4) аттестатталуши қызметкерлердің қажетті құжаттарын (қызметтік тізім, бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші, қызметтік мінездеме) дайындауды қамтиды.

Тесттен өтудің тәртібі мен шарттары, кәсіптік жарамдылығын айқындау жөніндегі нормативтер, сондай-ақ лауазымдардың санаттары үшін шекті мәндер (бұдан әрі – шекті мәндер) құқық қорғау органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Полиграфологиялық зерттеуден өту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды.

8. Құқық қорғау органды, құқық қорғау органды білім беру үйімін және құқық қорғау органды мемлекеттік мекемесінің кадр қызметі аттестатталуға тиіс қызметкерлерді алты ай ішінде бір рет айқындаиды.

9. Басшы аттестатталуға тиіс қызметкерлердің тізімін және оны өткізу мерзімдерін кадр қызметінің ұсынуы бойынша бекітеді.

10. Кадр қызметі аттестаттау өткізу мерзімі туралы оны өткізудің басталуынан кемінде бір ай бұрын қызметкерлерді жазбаша хабардар етеді.

11. Аттестатталуға тиіс қызметкердің тікелей басшысы осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес аттестатталуға тиіс қызметкерге берілетін қызметтік

мінездеменің үлгі нысандағы қызметтік мінездемесін ресімдеп, оны аттестаттау комиссиясының отырысына дейінгі үш апта мерзімнен кешіктірмей кадр қызметіне жолдайды.

12. Қызметтік мінездеме аттестатталуға тиіс қызметкердің құқық қорғау органдары жүйесіндегі қызметте үзіліссіз үш жыл болуы және одан кейінгі аттестаттау өткізіліп отырған мерзімге дейінгі кезең ішіндегі кәсіптік, жеке басының қасиеттері мен қызметтік әрекеті нәтижелерінің объективті және негізделген бағасын қамтуға тиіс.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген уақытта қызметкер құқық қорғау органының басқа құрылымдық бөлімшесінде (құқық қорғау органдары мекемесінде (ұйымында)) немесе басқа құқық қорғау органында (құқық қорғау органдары мекемесінде (ұйымында)) жұмыс істесе, кадр қызметі аттестатталушы қызметкер туралы ақпаратты құқық қорғау органының басқа құрылымдық бөлімшесінен немесе басқа құқық қорғау органдарынан (құқық қорғау органдары мекемесінен (ұйымынан)) сұратады.

13. Тікелей басшы қызметкерді өзіне берілген қызметтік мінездемемен аттестаттау комиссиясының отырысына дейінгі екі апта мерзімнен кешіктірмей оған қол қойғыза отырып, таныстыруға міндетті.

14. Қызметкер өзіне берілген қызметтік мінездемемен келіспейтіні туралы мәлімдеуге және өзін сипаттайтын қосымша ақпаратты кадр қызметіне беруге құқылы.

Қызметкердің өзін сипаттайтын қосымша ақпараты бар, қызметтік мінездемесімен келіспеу туралы жазбаша өтініші аттестаттау комиссиясы тәрағасының атына беріледі және кадр қызметіне аттестаттау комиссиясының отырысына дейінгі жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

15. Кадр қызметі жиналған аттестаттау құжаттарын (қызметтік мінездеме, қызметтік тізім, бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші, кәсіптік жарамдылығын айқындау жөніндегі белгіленген нормативтерді тапсыру нәтижелері, Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге және логикалық ойлау қабілеті бойынша тест нәтижелері, полиграфологиялық зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды және осы Ереженің 12 және 14-тармақтары бойынша көрсетілген өзге де ақпарат болған жағдайда) аттестаттау комиссиясына оның отырысына дейінгі бір аптадан кешіктірілмейтін мерзімде жібереді.

3. Аттестаттау комиссиясы

16. Аттестаттау комиссиясы кадр қызметінің ұсынуы бойынша басшының бүйрүғымен құрылады.

Аттестаттау комиссиясының тәрағасы мүшелерінің арасынан тағайындалады.

Аттестаттау комиссиясының құрамына кемінде бес мүше кіруге тиіс.

Аттестаттау комиссиясының қатыспаған мүшелерін алмастыруға болмайды.

Аттестаттау комиссиясының хатшысы кадр қызметі басшысы белгілейтін кадр қызметінің өкілі болады.

Аттестаттау комиссиясының хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық жағынан қамтамасыз етеді және ол дауыс беруге қатысуға құқылы емес.

17. Құқық қорғау органдының, құқық қорғау органы білім беру үйымының немесе құқық қорғау органы мемлекеттік мекемесінің жұмыс бағыттарына қарай бірнеше аттестаттау комиссиясы құрылуы мүмкін.

18. Аттестаттау комиссиясының басшысы мен оның мүшелері аттестатталуға тиіс қызметкерлермен бірдей немесе неғұрлым жоғары лауазымда болуға тиіс.

19. Аттестаттау комиссиясының құрамына құрылымдық бөлімшелердің басшылары, кадр қызметтерінің өкілдері (не осы бөлімшелер есеп беретін адамдар), сондай-ақ аттестаттаудан өтетін қызметкерлерді қоспағанда, құқық қорғау органдының, құқық қорғау органы білім беру үйымының немесе құқық қорғау органы мемлекеттік мекемесінің өзге де қызметкерлері кіреді.

20. Аттестаттау комиссиясының отырысына құрамының кемінде үштен екісі қатысса, оның зандақ күші бар деп есептеледі.

21. Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оған отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясының мүшелері санының көпшілігі дауыс берсе, шешім қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, аттестаттау комиссиясының төрағасы жақтап дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

22. Аттестаттау комиссиясының шешімі қызметкерді кадр резервіне қоюға, қызметкерді жоғары лауазымға ұсынуға, қызметкердің лауазымын төмендетуге немесе оны жұмыстан босатуға негіз болып табылады.

23. Қызметкер аттестаттау комиссиясының шешіміне бір ай мерзімде құқық қорғау органдының, құқық қорғау органы білім беру үйымының және құқық қорғау органы мемлекеттік мекемесінің басшысына немесе уәкілетті басшыға және (немесе) сот тәртібімен шағымдана алады.

4. Аттестаттау кезіндегі әнгімелесу

24. Тесттен өткен кезде шекті мәннен жоғары баға алған прокуратура органдарының қызметкерлерін қоспағанда, бастапқы аттестаттауда немесе қайта аттестаттауда кәсіптік жарамдылығын анықтау бойынша белгіленген нормативтерді тапсырған қызметкерлер әнгімелесуге жіберіледі.

Кәсіптік жарамдылығын анықтау бойынша белгіленген нормативтерді тапсырмаған не тесттен өту кезінде шекті мәннен төмен баға алған қызметкерлер

әңгімелесуге жіберілмейді және атtestаттау комиссиясының шешімімен "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) және осы Ережеде айқындалған тәртіппен қайта атtestатталуға тиіс.

25. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олар туралы ақпарат жариялауға жатпайтын құқық қорғау қызметкерлерін қоспағанда, әңгімелесуге жіберілген атtestатталушы қызметкерлердің тізімі құқық қорғау органдарының, құқық қорғау органдары білім беру үйімдарының және құқық қорғау органдары мемлекеттік мекемелерінің ақпараттық стенділерінде немесе интернет-ресурстарында орналастырылады.

26. Атtestаттау комиссиясының отырысында атtestатталушы қызметкермен әңгімелесу жүргізіледі.

27. Атtestаттау комиссиясы жұмысының ашықтығы мен обьективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына үшеуден аспайтын байқаушылар тартылады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері байқаушылар бола алады.

Тиісті атtestаттау комиссиясы құрылған құқық қорғау органдары, құқық қорғау органдары білім беру үйімдарының және құқық қорғау органдары мемлекеттік мекемесінің басшыларына бұрын бағынысты болған адам байқаушы ретінде атtestаттау комиссияның жұмысына тартылмайды.

Атtestаттау комиссиясы отырысын өткізуден бір апта бұрын құқық қорғау органдарының, құқық қорғау органдары білім беру үйімдарының және құқық қорғау органдары мемлекеттік мекемесінің интернет-ресурсында әңгімелесудің өту күні мен уақыты туралы хабарландыру жарияланады.

Байқаушы ретінде атtestаттау комиссиясына қатысатын адам тиісті құқық қорғау органдарына осы Ереженің 2-қосымшасындағы нысанға сәйкес оның жеке басын куәландыратын құжаттың, сондай-ақ оның қоғамдық бірлестікке тиесілігін растайтын құжаттардың көшірмелері қоса берілген жазбаша өтініш беріледі.

Өтініш атtestаттау комиссиясының отырысы өтетін орны мен күні туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бірақ оның басталуына дейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Әңгімелесу өткізілетін күні, өтініш берген алғашқылардың қатарынан байқаушылар ретінде анықталған адамдар жеке басын куәландыратын және қоғамдық бірлестіктерге тиесілігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну арқылы кадр қызметінде тіркеледі.

Байқаушы ретінде қатысуға өтініш берген адамдарға атtestаттау комиссиясы отырысына қатысуға рұқсат етілгені немесе бас тартылғаны туралы хабарлауды

телефон арқылы, олардың электрондық мекенжайына және ұялы телефондарына ақпарат жолдау арқылы кадр қызметі жүзеге асырады.

Байқаушылар әнгімелесу процесінде аттестатталатын қызметкерлерге сұрақтар қоймайды. Байқаушылардың аттестаттау комиссиясының жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасауды, аттестатталушы қызметкерлердің дербес деректеріне қатысты мәліметтерді жария етуіне жол берілмейді.

Аттестаттау комиссиясының хатшысы байқаушыларды әнгімелесу басталғанға дейін осы Ереженің З-қосымшасына сәйкес нысандағы байқаушыларға арналған Жадуалмен таныстырады.

28. Отрыс барысында аттестаттау комиссиясы ұсынылған материалдарды зерделейді, аттестатталушы қызметкерді тыңдайды. Аттестатталушыға қойылатын сұрақтар он бестен аспайды.

Аттестатталатын қызметкерге қойылатын сұрақтар оның кәсіптік даярлығының, құқықтық мәдениетінің деңгейін және азаматтармен жұмыс істеу қабілетін анықтауға бағытталуға тиіс.

Әнгімелесу кезінде аттестаттау комиссиясы аттестатталатын қызметкердің функционалдық міндеттеріне сүйенеді. Қажет болған жағдайда стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды, сондай-ақ аттестатталушы қызметкердің қызметін регламенттейтін өзге құжаттарды білу деңгейі айқындалады.

29. Әнгімелесу сипайылық және жанашырлық жағдайында өту тиіс.

Әрбір қатысушымен әнгімелесу техникалық жазба құралдары (аудио-, бейнеказба) көмегімен тіркеледі.

Әнгімелесу барысында техникалық жазба құралдарының көмегімен тіркелген материалдар үш жыл бойы кадр қызметінде сақталады.

30. Аттестаттау комиссиясының отрысына дәлелді себептермен қатыспаған қызметкерлер қызметке шыққаннан кейін әнгімелесуден өтеді.

Аттестаттау комиссиясының отрысына қызметкер дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда, аттестаттау комиссиясы қызметкерді қайта аттестаттау туралы шешім қабылдайды.

31. Аттестаттау комиссиясы әнгімелесудің қорытындысы бойынша:

1) атқаратын лауазымына сәйкес және кадр резервіне қоюға немесе жоғары тұрған лауазымға ұсынылады;

2) атқаратын лауазымына сәйкес;

3) қайта аттестатталуға тиіс;

4) атқаратын лауазымына сәйкес емес және лауазымын төмендетуге ұсынылады деген шешімдердің бірін қабылдайды.

Аттестаттау комиссиясы шешім қабылдау кезінде аттестатталушы қызметкерге қойылған сұрақтарға жауаптардың дұрыстығы мен толықтығын, қызметтік мінездемесін, бәсекеге қабілеттілік көрсеткішін, Қазақстан

Республикасының заңнамасын білу және логикалық ойлау қабілеті жөніндегі тесттің нәтижелерін, полиграфологиялық зерттеу нәтижелері бойынша қорытындыны және болған жағдайда осы Ереженің 12 және 14-тармақтары бойынша көрсетілген өзге де ақпаратты ескереді.

32. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің шешімі осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысандағы Даудыс беру парагына енгізіледі.

33. Аттестаттау комиссиясының шешімі үш жұмыс күні ішінде, оның отырысына қатысқан аттестаттау комиссиясының мүшелері мен хатшысы қол қойған хаттамамен ресімделеді.

34. Кадр қызметі аттестаттау комиссиясының шешімін аттестатталуға тиіс қызметкердің осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес Аттестаттау парагына енгізеді. Аттестатталушы қызметкер шешім қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қолын қоя отырып танысады.

Аттестаттаудан өткен қызметкердің аттестаттау парагы және оның қызметтік мінездемесі жеке ісінде сақталады.

35. Тесттің не кәсіптік жарамдылықты айқындау бойынша нормативтер тапсырудың нәтижелерін бұрмалау фактілері анықталған жағдайда, жоғары тұрған аттестаттау комиссиясы немесе құқық қорғау органдарының жоғары тұрған басшысы аттестаттау комиссиясы шешімінің күшін жоюға тиіс.

Аталған аттестаттау комиссиялары құрылған құқық қорғау органдарының, қорғау органдары білім беру ұйымдарының немесе құқық қорғау органдары мемлекеттік мекемелерінің басшылары бір-біріне қатысты жоғары және төмен тұрған лауазымды адам болған жағдайда, аттестаттау комиссиялары бір-біріне қатысты жоғары және төмен тұрған болып келеді.

5. Қайта аттестаттау

36. Қайта аттестаттау бастапқы аттестаттау өткен күнінен бастап, үш ай өткеннен кейін және алты айдан кешіктірілмей Занда және осы Ережеде айқындалған тәртіппен өткізіледі.

37. Қайта аттестаттау кезінде кәсіптік жарамдылығын анықтау бойынша белгіленген нормативтерді тапсырмаған не тесттен өту кезінде шекті мәннен төмен баға алған қызметкерлер, сондай-ақ аттестаттау комиссиясының отырысына дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда, аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша Занда және осы Ережеде айқындалған тәртіппен лауазымынан төмендетілуге немесе жұмыстан босатылуға ұсынылады.

38. Аттестаттау комиссиясы қайта аттестаттау өткізіп, мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес;

2) атқаратын лауазымына сәйкес емес және лауазымын төмендетуге ұсынылады;

3) лауазымына сәйкес емес және жұмыстан босатылуға ұсынылады.

39. Аттестаттау комиссиясы жұмыстан босату туралы ұсыныммен қызметкердің атқаратын лауазымына сәйкес еместігі туралы қабылдаған шешімі аттестаттаудың теріс нәтижесі болып табылады.

Қазақстан Республикасы
құқық корғау органдарының
қызметкерлерін аттестаттаудан
өткізу туралы үлгі ережеге
1-ҚОСЫМША

Аттестатталуға тиіс қызметкерге берілетін қызметтік мінездеменің ҰЛГІ НЫСАНЫ

(қызметкердің тікелей басшысы толтырады)

Қызметкердің Т.А.Ж. _____

Лауазымы _____

Тағайындалған күні _____

Арнаулы атағы, сыныптық шені немесе біліктілік сыныбы _____

1. Лауазымдық міндеттерін орындауы (шешілуіне қызметкер қатысқан негізгі мәселелердің тізбесі беріледі; қызметтік міндеттерін тиімді және мұқият орындауы, шығармашылық бастамашылығы, азаматтармен жұмыс істеуі бағаланады және т.б.).

2. Мемлекеттік органның қызметі аясында стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білуі, кәсіби білімін, сондай-ақ қызметтік міндеттеріне кіретін болса, коммуникациялық және ақпараттық технологияларды қолдануы (стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білуі, кәсіби білімі, коммуникациялық және ақпараттық технологияларды білу деңгейі, оларды жұмыста қолдануы сипатталады және т.б.).

3. Заңдылықты, оның ішінде сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін, сондай-ақ мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтауы (тәртіптік жазалары туралы, заңдылықты, оның ішінде сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманы, Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін, сондай-ақ мемлекеттік және еңбек тәртібін, ішкі қызмет тәртібін сақтауы туралы мәліметтер көрсетіледі және т.б.).

4. Жеке басының қасиеттері (қызметкердің жеке басының қасиеттері сипатталады: тіл табысқыштығы, азаматтармен жұмыс істей білуі, өзін-өзі жетілдіру қабілеті, көшбасшылығы және т.б.).

5. Қызметкер жұмысын қорытынды бағалау (қызметкер туралы тікелей басшысының пікірі көрсетіледі: атқарған лауазымына сәйкес немесе сәйкес емес, жоғары немесе төмен лауазымға ұсынылуы мүмкін және т.б.).

6. Өзге мәліметтер. *

Басшының Т.А.Ж.

лауазымы

Арнаулы атағы, сыныптық шені немесе біліктілік

сыныбы

Күні 20 жылғы "—"

* Қызметтік мінездемеге құқық қорғау органдарының ерекшелігіне байланысты толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы
құқық қорғау органдарының
қызметкерлерін аттестаттаудан
өткізу туралы үлгі ережеге
2-ҚОСЫМША

Нысан

Аттестаттау комиссиясының төрағасы

(құқық қорғау органдарының атауы)

Байқаушы ретінде қатысуға өтініш

Мені _____ өтетін _____

(күнін, уақытын көрсету) (құқық қорғау органдарының атауы)

аттестаттау комиссиясының отырысына байқаушы ретінде қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Т.А.Ж., лауазымы Қойған қолы

Байланыс деректері:

Телефон: _____

E-mail: _____

Мекенжайы: _____

Қазақстан Республикасы
құқық қорғау органдарының
қызметкерлерін аттестаттаудан
өткізу туралы үлгі ережеге
3-ҚОСЫМША

Байқаушыға арналған жадуал

Байқаушы:

1. аттестатталушылар туралы ақпаратпен танысуға;

2. әңгімелесуге олармен бірге қатысуға;
3. әңгімелесу аяқталғаннан кейін оны өткізу барысы туралы өзінің пікірін айтуға;
4. әңгімелесуді жүргізу барысына жалпы баға беруге;
5. аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамаларымен танысуға;
6. мемлекеттік органның басшылығына аттестаттау комиссиясының жұмысы туралы өзінің пікірін жазбаша түрде ұсынуға құқылы.

Байқаушы:

1. аттестатталушылардың дербес деректерін жария етуге;
2. әңгімелесуді өткізу барысына араласуға, аттестаттау комиссиясы отырысының барысына бөгет жасауға;
3. аттестатталушыларға қандай да бір көмек көрсетуге;
4. аттестаттау комиссиясының мүшелері шешім шығарған кезде оларға ықпал етуге;
5. жекелеген аттестатталушылар туралы, олардың жеке басының қасиеттері туралы жария түрде пікірін білдіруге немесе бағалауға құқылы емес.

Қазақстан Республикасы
құқық корғау органдарының
қызметкерлерін аттестаттаудан
өткізу туралы ұлгі ережеге
4-ҚОСЫМША

Нысан

ДАУЫС БЕРУ ПАРАФЫ

Т.А.Ж.

№	Арнаулы атағы, сыныптың шені немесе біліктілік сыныбы Т.А.Ж., аттестатталуға тиіс қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың лауазымы	Аттестаттау комиссиясының тұжырымдары мен ұсынымдары	Колы
1		1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді және кадр резервіне қабылдауға немесе жоғары түрган лауазымға жылжытуға ұсынылады 2) атқаратын лауазымына сәйкес келеді 3) қайта аттестаттауға жатады 4) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді және	

	лауазымын төмендөтү ұсынылады	
	5) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді және лауазымын босату ұсынылады*	

*Ескертпе: қайта аттестаттау және кезектен тыс аттестау кезінде ғана қолданылады.

Қазақстан Республикасы
құқық корғау органдарының
қызметкерлерін аттестаттаудан
өткізу туралы ұлгі ережеге
5-ҚОСЫМША

Нысан

Аттестатталуга тиіс қызметкердің аттестаттау парагы

1. Т.А.Ж. _____

2. Аттестаттау кезінде атқаратын лауазымы

3. Арнаулы атағы, сыйыптық шені немесе біліктілік сыйыбы

4. Аттестаттау комиссиясының шешімі

5. Өзге мәліметтер* _____

Аттестаттау комиссиясының тәрағасы _____
(қойған қолы)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы _____
(қойған қолы)

Аттестаттау өткізілген күн 20__ж. " __ "

Аттестаттау парагымен таныстым _____
(қызметкердің қойған қолы және күні)

МО

*Аттестаттау парагына құқық қорғау органдарының ерекшелігіне байланысты толықтырулар енгізілуі мүмкін.